

## Өлең

Алғыс айту-парызым ғой ол менің.

Анама алғыс!

Тоғыз ай мені көтеріп,

Жарық дүниені сыйлаған.

Түн ұйқысын төрт бөліп,

Аялаған баптаған.

Бұл өмірде өзіңдей,

Мейірбан жан бар ма анам,

Еңбегіңе әрқашан.

Бас иемін жан анам.

Әкеме алғыс!

Асқар таудай әкешім,

Бақытымсың, бағымсың.

Арқа сүйер қамқоршым,

Данышпаным өзіңсің.

Мақтан етіп өзіңізді жүрейікші,

Біз үшін ардақты ғой алтын басың.

Ағаға алғыс!

Ағасы бардың-жағасы бар,

Дейді қазақ атамыз.

Қамқор болар ағаның,

Барына шүкір етемін,

Аман болып әрқашан,

Жүре берші ағажан!

Әпкеге алғыс!

Айналайын бауырым әпкетайым,

Мақтанамын өзіңмен мен әрдайым.

Арқа сүйер әпкемнің бары қандай,

Ең бақытты жандардың бірі менмін.

Ініге алғыс!

Артымнан ерген бауырым,

Саған ғана сыр шертем.  
Қасымнан әркез табылсаң,  
Қуаныштан күн кешем.  
Көрінбей қалсаң көзіме,  
Іздеймін сені еркешім.